

**"Тұқым шаруашылығын қолдауға арналған субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 наурыздағы № 304 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 шілдедегі № 866 қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 307 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.04.2015 № 307 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Тұқым шаруашылығын қолдауға арналған субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 наурыздағы № 304 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 23, 374-күжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Тұқым шаруашылығын қолдауға арналған субсидиялау қағидаларында:  
1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Тұқым шаруашылығын қолдауға арналған субсидиялау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Тұқым шаруашылығы туралы» 2003 жылғы 8 ақпандағы және «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде тұқым шаруашылығын қолдауға арналған субсидияларды (бұдан әрі - бюджеттік субсидиялар) төлеу тәртібін айқындайды.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен облыстың және Астана мен Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органының шешімі негізінде облыстың және Астана мен Алматы қалаларының тиісті жылға арналған бюджеттерінде көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады .

Қандай да бір аудан бөлінген қаражатты толық игермеген жағдайда, облыстың және Астана мен Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органы заңнамада белгіленген тәртіппен оларды бекітілген субсидиялау көлемі шегінде басқа аудандар арасында қайта бөлуі мүмкін.»;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Элиттұқымшарлар және тұқым өткізушілер жүгерінің, күнбағыстың, күріштің, қант қызылшасының, мақтаның элиталық тұқымдарын және көшеттерін отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге облыстың жергілікті атқарушы органы белгілеген шекті бағалардан аспайтын бағалар бойынша өткізеді.»;

12-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Облыстың жергілікті атқарушы органы Министрлікке бірінші жарты жылдықтың қорытындысы бойынша 30 шілдеден кеш емес мерзімде, ал жылдың қорытындысы бойынша есепті жылдан кейінгі жылдың 1 ақпанынан кешіктірмей бюджеттік субсидияларды пайдалану туралы жиынтық ақпарат береді.»;

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Элиталық тұқымның әрбір түрі бойынша әрбір тұқымшарға және тұқым тұтынушыға арналған субсидиялар сомасын айқындау үшін әрбір ауданда (облыстық маңызы бар қалада) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының (бұдан әрі - ауданның жергілікті атқарушы органы) шешімімен құрамына аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімдерінің, тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспектордың, қоғамдық және ғылыми ұйымдардың өкілдігінің қызметкерлері кіретін ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - ВАК) құрылады.

Ауданның ауыл шаруашылығы бөлімі (бұдан әрі - бөлім) ВАК-тың жұмыс органы болып табылады.

Бөлім осы Қағидалар қолданысқа енгізілгеннен кейін екі жұмыс күні ішінде облыстың жергілікті атқарушы органының интернет-ресурстарында және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында бюджеттік субсидияларды алуға құжаттарды қабылдау мерзімдерін көрсете отырып, субсидиялауға қатысуға өтінімдерді қабылдаудың басталғаны, ВАК-тың жұмыс тәртібі туралы хабарландырудың жариялануын қамтамасыз етеді.»;

31-тармақ алып тасталсын;

32-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Тұқым шаруашылығын қолдауға бөлінген субсидиялар туралы жиынтық ақпарат осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жылына бір рет, тиісті жылдың 31 желтоқсанынан кешіктірмей облыстардың жергілікті атқарушы органдарының интернет-ресурстарында орналастырылады.»;

33 және 34-тармақтар алып тасталсын;

көрсетілген Қағидаларға 10-қосымшаның тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Тұқым шаруашылығын қолдауға жергілікті бюджеттен бөлінген

субсидиялар туралы жиынтық ақпарат».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының*

*К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК